**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: «Алтын бесік» бөбекжайы**

**Топ: Кіші «Сәби» тобы**
**Балалардың жасы: 2 жастағы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 15.05-19.05.2023ж**
**Тәрбиешілер: Букенесова.К.К., Калиева.У.**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 15.05** | **Сейсенбі 16.05** | **Сәрсенбі 17.05** | **Бейсенбі 18.05** | **Жұма 19.05** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Балалар үшін жайлы ойын жағдайын жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Сәлеметсіз бе! сөзін сөздік қорына қосу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап берудағдысын қалыптастыру. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту**). Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету Балалардың ауа райына байланысты жылы киіну жағдайларын талқылау | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **№5 Д/О**. **«Артық зат»** **Мақсаты:** ойлау қабілеттерін, қол моторикаларың дамыту. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2)** | **№15 Д/О:** «Сән ательесі» **Мақсаты:** Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атауды үйрету **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2)** | **№6 Д/О**: «Ненің ізі?» **Мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. **(Шығармашылық дағдыларын дамыту-2)** | **№9 Д/О:** «Болады болмайды» **Мақсаты**: Әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайылық дағдыларын қалыптастыру. (**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2)** | **№26 Қ/О**: **«Зарядтау»** **Мақсаты**: балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру **(Физикалық дағдыларын дамыту-2** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Маусым айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ересектердің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін таңдауын айтуды қалыптастыру. *«Аңдар әлемі»* тақырыбында жеке әңгімелерді айтып беру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **№ 7 Д/О**. «Зат неге ұқсайды?» **Мақсаты:** Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. **(Танымдық және зияткерлік** | **№8 Д/О**. Айырмашылығын тап **Мақсаты:** Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын | **№ 9 Д/О**. «Ненің баласы?» **Мақсаты:** Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту **(Танымдық және** | **№10 Д/О**. Суретші қай жерде қателесті? **Мақсаты:** Балалар дың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі | **№11 Д/О** «Жоғарыда-төменде» **Мақсаты:** Жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. **(Танымдық және зияткерлік** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларды дамыту-2)<br><br>**№17 Д/О:** «Жақсы» мен «Жаман»<br>**Мақсаты:** Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету.<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№ 9 Д/О**: **«Жыл мезгілдері»**<br>**Мақсаты:** Жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту<br>(**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>**№ 11 Д/О:** «Жылдам ойла»<br>**Мақсаты**: Қыз бала мен ұл баланың ойыншықтарын атап, ажырата білуге үйрету<br>(**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2**)<br><br>**№28 Қ/О**: Спортлото<br>**Мақсаты:** балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру<br>(**Физикалық дағдыларын дамыту-2**<br><br>МУЗЫКА<br>**Музыка тыңдау:** Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу (баяу және көңілді әндер).<br>**Ән айту:** Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің | таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету<br>(**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№18 Д/О:**<br>**«Жол әліппесі»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№10 Д/О** «Үй құстары»<br>**Мақсаты:** Үй құстарының атын атату, олардың қайда тіршілік ететенін айтқызу<br>(**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>**№12 Д/О:** Болады-болмайды<br>**Мақсаты**: Әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайылық дағдыларын | **зияткерлік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№19 Д/О**: «Ойлан да аяқта»<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру.<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№11 Д/О**<br>Саңырауқұлақ жинау<br>**Мақсаты:** Заттарды көріп сипаттау арқылы баланың сезімталдығын дамыту<br>(**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>**№13 Д/О:** «Дене мүшелері»<br>**Мақсаты**: Балаларда қоршаған ортада өзін-өзі дұрыс ұстау қабілеттері мен қарым-қатынасын, әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру<br>(**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2**) | сәйкессіздікті таба алға үйрету.<br>(**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№1 Д/О**:<br>«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»<br>**Мақсаты**: суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.<br>Сөздік қорын молайту.<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№ 12 Д/О** «Түстер»<br>**Мақсаты:**<br>Логикалық ойлауға үйрету. Сөйлемді дұрыс құрап айтуға, сөз дыбыстарын дұрыс айтуға, диалог түрінде сөйлеуге үйрету<br><br>(**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>**№16 Д/О:**<br>Қайсысы артық?» | **дағдыларды дамыту2**)<br><br>**№2 Д/О**: "Бұл қай мезгіл?"<br>**Мақсаты**: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№13 Д/О** «Есіңе сақта және суретін сал»<br>**Мақсаты: Бірлесе** сурет салу барысында сыйластық қарым-қатынас орнату<br>(**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>**№ 17 Д/О: «**Мекеніне апар»<br>**Мақсаты:**Үй жануарларын дала жануарларыннан ажырата білуге үйрету<br>(**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2**)<br><br>**№30 Қ/О**: «Бұл не?»<br>**Мақсаты**: балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. | қалыптастыру.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2)** | **№29 Қ/О**: «Төртінші қосымша»<br>**Мақсаты**: дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты қалыптастыру;<br>**(Физикалық дағдыларын дамыту-2** | **Мақсаты:** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2)** | дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру;<br>**(Физикалық дағдыларын дамыту-2** |
| **2-таңғы ас** | Дәрумендердің пайдасы туралы айту және балалардан қандай жеміс немесе көкөніс жақсы көретінін сұрау. (**коммуникациялық дағдыларды , мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Қуыршағымызды серуенге шығарайық деп көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді және бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**).<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықыластанытуға баулу. (**коммуникациялық дағдыларды, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Картотека №10 | Картотека №15 | Картотека №11 | Картотека №14 | Картотека №13 |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау:<br>- қолды дұрыс жуу; өз орамалының орнын білу; қолды дұрыс сүрту; орамалды ілу.<br>- көркем сөз қолдану: Нан қоқымын шашпаймыз,<br>Жерде жатса баспаймыз.<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаймыз.<br>**(коммуникациялық, мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Жеке заттарды қолдану (қолорамал, майлық, орамал, ), киіміндегі ол қылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу (**өзіне-өзі қызмет ету, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Қолдарын жуу, сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Ас ішерде күнде біз.<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз (**Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті құрылыс материалдарымен қуыршаққа шағын жиһаздар (үстел,кереует) құрастыру түрлі құрылыстарды жасату **(құрастыру)** | Кітаптар қарату. Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)** | Ойыншық балықты судан аумен аулау арқылы қолдың қимыл әрекеттерін дамыту **(сенсорика)** | Үстел үсті құрылыс материалдарымен қуыршаққа шағын жиһаздар (үстел, кереует) құрастыру түрлі құрылыстарды жасату **(құрастыру)** | Үстел үсті құрылыс материалдарымен қуыршаққа шағын жиһаздар (үстел, кереует) құрастыру түрлі құрылыстарды жасату **(құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ретсіздікті байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлауды үйрету. (**коммуникациялық дағдыларды дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **№ 6 Д/О**. «Біреу және көп» **Мақсаты:** «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. (**Танымдық және зияткерлік дағдыларды** дамыту-2) | **№16 Д/О: «Өзім және отбасым» Мақсаты:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру. (**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-**2) | **№ 8 Д/О**: **«Қуыршақты киіндір» Мақсаты:** Қуыршақтың жетіспейтін киім-кешегін қиып жасауды, ретімен киіндіруді (**Шығармашылық дағдыларын дамыту-**2) | **№10 Д/О:** « Ұлттық киімдерді ата» Мақсаты: Балалардың ұлттық киім туралы, олардың атауы мен қолдануы туралы түсініктерін қалыптастыру. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2**) | **№27 Қ/О**: «Қыста және жазда спорт» **Мақсаттары мен міндеттері**: балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру; **(Физикалық дағдыларын дамыту-2** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаға қойылатын сұрақтар туралы кеңес беру.<br>Балалардың күн соңындағы көңіл күйін талқылау | | | | |

Тексерген әдіскер: Байгазина А.М.________________